	«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ НАО «СҚУ им. М. Қозыбаева»	СҚУ ДК 15 СД СҚУ 15	Басылым: бірінші Издание: первое	14 беттің 1 беті Стр. 1 из 14
---	---	------------------------	-------------------------------------	----------------------------------

«М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан университет»
КЕАҚ Директорлар кеңесінің
шешімімен
(2021 жылғы 17 тамыздағы № 9
хаттама)
БЕКІТІЛДІ




**«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамға
жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің
білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау
ЕРЕЖЕСІ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамның осы Ережесі (бұдан әрі - Университет) тиісті бағыттар бойынша білім беру қызметін жүзеге асыруға лицензиясы болған жағдайда бакалавриат, магистратура, докторантура бағдарламалары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына адамдарды қабылдау тәртібін айқындайды.
2. Университетте оқуды қаржыландыру көздері Қазақстан Республикасының Республикалық, жергілікті бюджеттері және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер болуы мүмкін.
3. Университет оқуға қабылдау тәртібі осы Қағидалармен реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңымен және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларымен реттеледі.
4. Оқуға қабылдауды үйлестіру үшін қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы Басқарма Төрағасы – университет ректоры болып табылады.

Handwritten signature

	«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ НАО «СҚУ им. М. Қозыбаева»	СҚУ ДК 15 СД СҚУ 15	Басылым: бірінші Издание: первое	14 беттің 2 беті Стр. 2 из 14
---	---	------------------------	-------------------------------------	----------------------------------

5. Қабылдау комиссиясының жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық сүйемелдеу үшін (қабылдау және енгізу) Университет қызметкерлерінің құрамынан техникалық хатшылар бекітіледі.
6. Қабылдау комиссиясы кеңсесінің мекен-жайы Университет сайтында көрсетілген.
7. Университет 1-қосымшада және nku.edu.kz сайтында көрсетілген білім беру бағдарламаларының топтары бойынша іріктеу жүргізеді.
8. Шекті балдарды Университет қабылдаудың Үлгілік қағидаларының талаптарына сәйкес бекітіледі.
9. Университетке оқуға қабылдау мерзімі nku.edu.kz Университет сайтында көрсетіледі.
10. Университетке құжаттарды қабылдау келесі жолдармен жүзеге асырылады:
 - Университеттің қабылдау комиссиясының кеңсесі;
 - «электрондық үкіметтің» веб-порталы egov.kz; веб-портал арқылы беру схемасы «Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартымен айқындалады.
11. Оқуға түсуші құжаттарды қабылдау туралы хабарламаны «жеке кабинетіне» немесе мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандартына сәйкес құжаттарды тапсыру тәсіліне қарай қолхат алады.
12. Оқуға қабылдау «жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандартында және қабылдаудың Үлгілік қағидаларында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

13. Осы қабылдау ережелері:
 - 1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңымен;
 - 2) Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңымен;
 - 3) «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын (бұдан әрі – беру қағидалары) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысымен;
 - 4) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру

Корпоративтік хатшының қолы
Подпись корпоративного секретаря:



ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен (бұдан әрі – қабылдаудың үлгілік қағидалары);

5) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 «Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсыру туралы сертификат беру» Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы бұйрығымен» (бұдан әрі – ҰБТ өткізу Қағидалары);

6) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 «Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен (бұдан әрі – КТ өткізу Қағидалары);

7) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 247 «Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау квотасы көзделген ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары топтарының тізбесін бекіту туралы» бұйрығымен;

8) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 1 сәуірдегі № 134 «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының ұқсас топтарының және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының сәйкестігіне әдістемелік ұсынымдарды айқындау туралы» бұйрығымен.

9) «Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы №8 бұйрықтарына сәйкес әзірлен.

3. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

14. Ережеде келесі белгілер мен қысқартулар қолданылды:

- 1) ҰБТ – ұлттық бірыңғай тестілеу;
- 2) КТ – кешенді тестілеу;
- 3) ҰТО – ұлттық тестілеу орталығы;
- 4) ЖЖОКБҰ – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы;
- 5) ҚК – қабылдау комиссиясы;
- 6) Университет – «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 7) ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
- 8) Қабылдаудың үлгілік қағидалары – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру



	«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ НАО «СҚУ им. М. Қозыбаева»	СҚУ ДК 15 СД СҚУ 15	Басылым: бірінші Издание: первое	14 беттің 4 беті Стр. 4 из 14
---	---	------------------------	-------------------------------------	----------------------------------


ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік қағидаларын бекіту туралы ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген.

9) Қабылдаудың үлгілік қағидалары – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік қағидаларын бекіту туралы ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген.

4. БАКАЛАВРИАТТЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

15. Тұлғаларды қабылдау олардың өтініштері бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі - ҰБТ) нәтижелері бойынша және ЖОО-ның қабылдау комиссиясы өткізетін түсу емтиханының немесе әңгімелесудің нәтижелері бойынша берілген сертификат балдарына сәйкес жүзеге асырылады.
16. Адамдарды қабылдауға қабылдаудың үлгілік қағидаларымен айкындалатын шекті балл алған кезде жол беріледі.
17. Шекті балл жинамаған, ҰБТ нәтижелері сәйкес келмейтін бейіндік пәндер комбинациясымен, ҰБТ нәтижелері жойылған адамдар бір оқу жылына күндізгі оқу нысаны бойынша ақылы негізде Университетке қабылданады. Университетте академиялық оқу кезеңі аяқталғаннан кейін осы адамдар жыл ішінде ҰБТ өткізу қағидаларына сәйкес белгіленген мерзімде ҰБТ-ны қайта тапсырады.
18. Республикалық бюджет есебінен адамдарды оқуға қабылдау «жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес мемлекеттік білім беру грантын беруге арналған конкурс негізінде жүзеге асырылады.
19. Жергілікті бюджет есебінен тұлғаларды оқуға қабылдау ағымдағы жылдың мамыр-маусымында өткізілген ҰБТ сертификаттарының бірі болған кезде үлгілік қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.
20. Өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға тұлғаларды қабылдау ағымдағы жылғы қаңтарда, наурызда-сәуірде, мамырда-маусымда өткізілген ҰБТ сертификаттарының бірі болған кезде жүзеге асырылады.
21. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар тұлғаларды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін бағдарламаларға қабылдау ҰБТ сертификаты негізінде немесе университеттің арнайы комиссиясы өткізетін түсу емтиханының нәтижесі бойынша ақылы негізде жүзеге асырылады.
22. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар тұлғалардың құжаттарын қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін бағдарламаларға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «1» сәуірдегі № 134 «Жоғары



	«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ НАО «СҚУ им. М. Қозыбаева»	СҚУ ДК 15 СД СҚУ 15	Басылым: бірінші Издание: первое	14 беттің 5 беті Стр. 5 из 14
---	---	------------------------	-------------------------------------	----------------------------------

білімнің білім беру бағдарламаларының туыстық топтарының және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтарына сәйкестігінің әдістемелік ұсынымдары» бұйрығына қосымшаға сәйкес немесе Пререквизиттер тапсырумен жүргізіледі.

23. Осы Қағидалардың 20 және 21-тармақтарында көрсетілген емтихандар бағдарламаларын университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және nku.edu.kz ресми сайтқа орналастырылады.
24. Емтихандар кестесін (өткізу нысаны, күні, уақыты және орны) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және университеттің nku.edu.kz ресми сайтында орналастырылады.
25. Емтихандарды өткізу қорытындылары емтихан комиссиясының хаттамасымен және бағалар/рұқсат беру ведомосімен ресімделеді. Емтихан нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

5. БАКАЛАВРИАТТЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ТІРКЕЛУ ТӘРТІБІ

26. Оқуға түсушілерді қабылдау білім беру бағдарламаларының тобына сәйкес келетін білім беру бағдарламасы бойынша және бейіндік пәнге сәйкес жүргізіледі.
27. Университетке қабылдау үшін «Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасы ұсынылады.
28. Оқуға қабылдау университет бекіткен шекті баллдарды ескере отырып жүргізіледі. Университет қабылдаудың үлгілік қағидаларында айқындалған деңгейден төмен емес білім беру бағдарламасының шекті балын өз бетінше белгілеу құқығын өзіне қалдырады.
29. Оқуға түсу үшін түсуші Университетпен білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасасуға міндетті. Егер азамат 18 жасқа толмаған болса, онда білім беру қызметін көрсету туралы шарт жасасу кезінде оның заңды өкілінің немесе кепілгердің болуы міндетті. Оқуға түсушінің өкілінде өзімен бірге жеке куәлігінің түпнұсқасы және көшірмесі, сондай-ақ құжаттарды тікелей Университеттің қабылдау комиссиясында ресімдеу кезінде оның заңды өкіл ретіндегі құқығын растайтын құжаттар болуы қажет.
30. Білім беру гранты негізінде түсетін Қазақстан Республикасының азаматтары үшін шартта Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен кемінде үш жыл жұмыспен өтеу көзделеді.
31. Құжаттардың түпнұсқаларының толық пакетін мерзімінде ұсынбаған және (немесе) оқуға түсушілер өз қаражаты есебінен оқудың бірінші айын төлемеген жағдайда, университет білім алушыларының қатарына қабылдана алмайды.

Корпоративтік хатшының қолы
Подпись корпоративного секретаря:



32. Құжаттардың түпнұсқаларының толық пакетін мерзімінде ұсынбаған, сондай-ақ ақылы негізде оқуға түсетін және оқудың бірінші айын төлемеген оқуға түсушілер университетке қабылданбайды.
33. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар 1 (бірінші) академиялық оқу кезеңі ішінде адамдарды қабылдағаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

6. БАКАЛАВРИАТТЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУҒА АРНАЙЫ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ, ТҮСУ ЕМТИХАНДАРЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

34. Арнайы және шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар», «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру салалары бойынша оқуға түсетін адамдар арнаулы және шығармашылық емтихандарды тапсыру үшін entrants.nku.edu.kz электрондық жүйеде тіркеледі.
35. Оқуға түсушілерді тіркеу кезінде қабылдаудың Үлгілік қағидаларында көзделген құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса тіркейді, кейіннен қабылдаудың Үлгілік қағидаларында көрсетілген мерзімдерге сәйкес қабылдау комиссиясының кеңсесіне түпнұсқаларды ұсынады.
36. Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсушілер қабылдаудың Үлгілік қағидаларында көзделген тәртіппен екі шығармашылық емтихан тапсырады. Емтихандар шығармашылық емтихандар Бағдарламасына сәйкес балдық жүйе бойынша бағаланады.
37. Қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсушілер бір шығармашылық емтихан тапсырады. Емтихан баллдық жүйеде шығармашылық емтихандарды өткізу бағдарламасына сәйкес бағаланады.
38. Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының топтары бойынша оқуға түсетін адамдар үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.
39. «Педагогикалық ғылымдар» және «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру салалары бойынша университетке түсетін тұлғалар бір арнайы емтихан тапсырады. Емтихан «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланады.
40. Емтихан нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.




7. МАГИСТРАТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ТІРКЕЛУ ТӘРТІБІ

41. Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғалар қабылданады.
42. Университет магистратурасына түсетін өтініштерді қабылдау app.testcenter.kz қабылдаудың үлгі ережелерінде көрсетілген мерзімдерге сәйкес ҰТО ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі.
43. Университетке қабылдау үшін оқуға түсуші қабылдау комиссиясының кеңсесі арқылы немесе «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы университетке ұсынады. Egov.kz қабылдаудың Үлгілік қағидаларында айқындалған «жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген құжаттар топтамасы.
44. Білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін құжаттарды тапсыру кезінде, сондай-ақ университетке қабылдау кезінде ұсынылатын сертификаттардың түпнұскалығын және қолданылу мерзімін университеттің Қабылдау комиссиясы тексереді.
45. Құжаттардың толық және сенімді пакетін ұсынған жағдайда Университет оқуға қабылдау үшін құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама жібереді.
46. Хабарламаны алғаннан кейін оқуға түсуші Үлгілік қабылдау қағидаларында көрсетілген мерзімде университеттің қабылдау комиссиясының кеңсесіне құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады.
47. Оқуға түсу үшін түсуші Университетпен білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасасуға міндетті.
48. Құжаттардың түпнұсқаларының толық пакетін мерзімінде ұсынбаған, сондай-ақ ақылы негізде оқуға түсетін және оқудың бірінші айын төлемеген оқуға түсушілер университетке қабылданбайды.
49. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылады.

8. ДОКТОРАНТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ТІРКЕЛУ ТӘРТІБІ

50. Докторантураға кемінде 9 (тоғыз) ай жұмыс өтілі және «магистр» дәрежесі бар тұлғалар қабылданады
51. Докторантураға түсу емтиханына өтініш беру ҰТО app.testcenter.kz сайты арқылы жүзеге асырылады



	«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ НАО «СҚУ им. М. Қозыбаева»	СҚУ ДК 15 СД СҚУ 15	Басылым: бірінші Издание: первое	14 беттің 8 беті Стр. 8 из 14
---	---	------------------------	-------------------------------------	----------------------------------

52. Докторантурада оқу мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде күндізгі оқу нысаны бойынша және ақылы негізде жүзеге асырылады.
53. Докторантураға түсу емтиханы қабылдаудың Үлгілік қағидаларына сәйкес электрондық форматта өткізіледі және мыналардан тұрады:
 - 1) эссе жазу;
 - 2) докторантурада оқуға дайындығына тест;
 - 3) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар.
54. Эссе тақырыптары мен білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша сұрақтарды университеттің Ғылыми кеңесі бекітеді және nku.edu.kz ресми сайтқа орналастырылады.
55. Университетке қабылдау үшін қабылдаудың Үлгілік қағидаларында айқындалған «Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасы ұсынылады.
56. Құжаттардың толық және сенімді пакетін ұсынған жағдайда университет «жеке кабинетке» оқуға қабылдау үшін құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама жібереді.
57. Хабарламаны алғаннан кейін оқуға түсуші университеттің Қабылдау комиссиясына құжаттардың түпнұсқаларын қабылдаудың Үлгілік қағидаларында көрсетілген мерзімдерде ұсынады.
58. Оқуға түсу кезінде оқуға түсуші Университетпен білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасасуға міндетті.
59. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тану рәсімінен өтуге тиіс.

9. ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫН ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ТІРКЕЛУ ТӘРТІБІ

60. Шетел азаматтарын ақылы негізде университетке оқуға қабылдау университеттің қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте шетелдік азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес семестр басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.
61. Шетел азаматтарын университетке қабылдау:
 - 1) білім беру қызметін өтеулі көрсету шарттары негізінде;
 - 2) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар мен келісімдер негізінде;
 - 3) арнайы стипендиялық бағдарламалар бойынша.




62. Әңгімелесу кестесін (өткізу уақыты мен орны) Қабылдау комиссиясының Төрағасы бекітеді және әңгімелесу басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын ресми nku.edu.kz сайтына орналастырылады.
63. Әңгімелесуге қатысу үшін құжаттардың электрондық нұскаларын Қабылдау комиссиясының skgu_pk@nkzu.kz электрондық мекенжайына жіберу қажет, кейіннен қабылдау комиссиясының кеңсесіне құжаттардың түпнұсқаларын ұсына отырып, келесі құжаттарды ұсынылуы керек:
 - 1) Өтініш (nku.edu.kz сайтында «Оқуға түсушілерге» бөлімінде орналастырылған нысан бойынша, өз қолымен толтырылған және сканерленген);
 - 2) Төлқұжат;
 - 3) Алдыңғы білімі туралы құжат;
 - 4) Білім туралы құжатқа қосымша/мынадай ақпараты бар транскрипт (түпнұсқа): оқу пәндерінің, алынған қорытынды бағалардың, оқу процесінің басқа да құрамдас бөліктерінің (Biology, English, Chemistry бойынша рейтинг кемінде 60%);
 - 5) Білім туралы құжаттың және оның қосымшасының қазақ немесе орыс тіліндегі нотариат куәландырған аудармасы.
 - 6) Жіберуші елдің ресми Денсаулық сақтау органы куәландырған психикалық денсаулық, инфекциялық аурулардың болмауы және медициналық ЖОО-да оқуға қарсы көрсетілімдер туралы медициналық анықтамалар; жіберуші елдің ресми Денсаулық сақтау органы растаған АИТВ инфекциясының болмауы туралы анықтама («Жалпы медицина» білім беру бағдарламасына түсушілер үшін); алынған егулер туралы ақпарат.
 - 7) Бұрышы жоқ түсті 8 фотосурет 3x4, бет кем дегенде 60% алуы керек (фотосуретті сканерлеу).
64. Оқуға түсу кезінде оқуға түсуші Университетпен білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасасуға міндетті.
65. Шетелдік азамат шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді ұсынған жағдайда, Университет оған құжаттарын қайтаруға және енгізілген ақша қаражатын қайтармай университеттен шығаруға құқылы.

10. АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯ ЖҰМЫСЫ

66. Түсу (шығармашылық) емтихандарының нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін карау үшін Университетте апелляциялық комиссиялар құрылады.
67. Келіп түскен тұлғалардан апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке немесе ҰТО ақпараттық жүйесі арқылы беріледі.



	«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ НАО «СҚУ им. М. Қозыбаева»	СҚУ ДК 15 СД СҚУ 15	Басылым: бірінші Издание: первое	14 беттің 10 беті Стр. 10 из 14
---	---	------------------------	-------------------------------------	------------------------------------

68. Өтініштер түсу емтиханының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады. Апелляциялық комиссия өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.
69. Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке тәртіппен жұмыс істейді. Адам апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

70. Қағидаларды бекіту, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қоғамның директорлар Кеңесінің құзыретіне жатады.
71. Егер осы Қағидалардың жекелеген тармақтары қолданыстағы заңнамаға қайшы келетін болса, бұл тармақтар күшін жояды және осы тармақтармен реттелетін мәселелер бөлігінде осы Қағидаларға тиісті өзгерістер енгізілген сәтке дейін қолданыстағы заңнаманың нормаларын басшылыққа алған жөн.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер жөніндегі
Басқарма мүшесі



Р.Апергенова

ҚК жауапты хатшысы



Г. Оспанова

Бас комплаенс академ офицері



И. Джемалединова

СБСД директоры



М. Погребицкая

ЭЖҚД директоры-бас бухгалтерінің м.а.




К. Исенов

ЗБ заң жетекшісі



Л. Кудрицкая




Қосымша

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіне түсуге арналған білім беру бағдарламалары топтарының тізімі

Білім беру саласының коды және классификациясы	Дайындық бағыттарының коды және классификациясы	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы	Мамандықтардың коды және атауы
6B01 Педагогикалық ғылымдар	6B011 Педагогика және психология	B001 Педагогика және психология	6B01101 Педагогика және психология
	6B012 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогикасы	B002 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	6B01201 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
	6B013 Пәндік мамандандырусыз мұғалімдерді даярлау	B003 Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	6B01301 Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі
	6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандануымен мұғалімдерді даярлау	B005 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	6B01401 Дене шынықтыру және спорт
			6B01401 Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық
		B006 Музыка мұғалімдерін даярлау	6B01402 Музыкалық білім
	6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау	B009 Математика мұғалімдерін даярлау	6B01508 Математика-информатика
			6B01509 Математика-Физика
		B010 Физика мұғалімдерін даярлау	6B01510 Физика-информатика
		B012 Химия мұғалімдерін даярлау	6B01511 Химия-биология
		B013 Биология мұғалімдерін даярлау	6B01505 Биология
		B014 География мұғалімдерін даярлау	6B01507 География-Тарих
	6B017 Тіл және әдебиет мұғалімдерін даярлау	B016	6B01703 Қазақ тілі мен әдебиеті



	«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ НАО «СҚУ им. М. Қозыбаева»	СҚУ ДК 15 СД СҚУ 15	Басылым: бірінші Издание: первое	14 беттің 12 беті Стр. 12 из 14
---	---	------------------------	-------------------------------------	------------------------------------

		Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	
		B017 Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	6B01702 Орыс тілі мен әдебиеті
		B018 Шет тілі мұғалімдерін даярлау	6B01701 Шет тілі: екі шет тілі
	6B018 Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау	B019 Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау	6B01801 Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану
	6B019 Арнайы педагогика мамандарын даярлау	B020 Арнайы педагогика мамандарын даярлау	6B01902 Дефектология
			6B01903 Дефектология (олигофре нопедагогика)
			6B01904 Дефектология (сурдопедагогика)
6B02 Өнер және гуманитар лық ғылымдар	6B021 Өнер	B031 Мода, дизайн интерьера и промышленный дизайн	6B02101 Дизайн
	6B023 Тіл және әдебиет	B036 Аударма ісі	6B02302 Шетел филологиясы
			6B02303 Аударма ісі
6B03 Әлеуметті к ғылымдар, журналист ика және ақпарат	6B032 Журналистика және ақпарат	B042 Журналистика және репортер ісі	6B03202 PR-журналистика
6B04 Бизнес, басқару және құқық	6B041 Бизнес және басқару	B044 Менеджмент және басқару	6B04103 Менеджмент
			6B04106 Мемлекеттік әкімшілік ету
			6B04107 Бизнестегі экономика
		B045 Аудит және салық салу	6B04105 Есеп және аудит
	6B042 Құқық	B046 Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі	6B04104 Қаржы
		B049 Құқық	6B04201 Құқықтану
6B05 Жаратылы стану ғылымдар	6B051 Биологиялық және сабақтас ғылымдар	B050 Биологические и смежные науки	6B05101 Биология
			6B05102 Биотехнология

Корпоративтік хатшының қолы
Подпись корпоративного секретаря:



ы, математик а және статистика	6B052 Қоршаған орта	B051 Қоршаған орта	6B05202 Экология
			6B05203 География және табиғатты пайдалану
	6B053 Физикалық және химиялық ғылымдар	B053 Химия	6B05305 Химиялық сараптама және өндірісті аналитикалық бақылау
		B054 Физика	6B05302 Астрономия және кәсіптік зерттеу әдістері
	B060 Химиялық инженерия және процестер	B060 Химиялық инженерия және процестер	6B07102 Органикалық заттардың химиялық технологиясы
6B06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6B061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	B057 Ақпараттық қауіпсіздік	6B06102 Ақпараттық жүйелер
			6B06103 Информатика
			6B06104 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету
	6B062 Телекоммуникация	B059 Коммуникациялар және коммуникациялық технологиялар	6B06201 Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар
6B07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	6B071 Инженерия және инженерлік іс	B062 Электротехника және энергетика	6B07103 Электр энергетикасы
		B064 Механика және металл өңдеу	6B07101 Машина жасау
			6B07106 Робототехникалық, зияткерлік жүйелер және аспап жасау
		B065 Автокөлік құралдары	6B07105 Көлік, көлік техникасы және технологиялары
	6B072 Өндірістік және өңдеу салалары	B068 Азық-түлік өнімдерін өндіру	6B07201 Азық-түлік өнімдерінің технологиясы
	6B073 Сәулет және құрылыс	B074 Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс	6B07301 Құрылыс
			6B07302 Құрылыс объектілерін жобалау және ақпараттық модельдеу



	«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ НАО «СҚУ им. М. Қозыбаева»	СҚУ ДК 15 СД СҚУ 15	Басылым: бірінші Издание: первое	14 беттің 14 беті Стр. 14 из 14
---	---	------------------------	-------------------------------------	------------------------------------


	6B075 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)	B076 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)	6B07502 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша) 6B07503 Стандарттау, сараптама және сапа аудиті (салалар бойынша)
6B08 Ауыл шаруашыл ығы және биоресурс тар	6B081 Өсімдік шаруашылығы	B077 Өсімдік шаруашылығы	6B08101 Агрономия 6B08102 Өсімдіктерді қорғау және карантин
	6B082 Мал шаруашылығы	B078 Мал шаруашылығы	6B08201 Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы
	6B083 Орман шаруашылығы	B079 Орман шаруашылығы	6B08301 Орман ресурстары және орман өсіру
6B10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік камтамасы з ету (медицина)	6B101 Денсаулық сақтау	B085 Фармация	6B010102 Фармация
		B086 Жалпы медицина	6B010101 Жалпы медицина
6B11 Қызметтер	6B111 Қызмет көрсету саласы	B091 Туризм	6B011102 Туризм
		B092 Досуг	6B011101 Мәдени-тынығу жұмысы



	«М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ НАО «СҚУ им. М. Козыбаева»	СҚУ ДК 15 СД СҚУ 15	Басылым: бірінші Издание: первое	14 беттің 1 беті Стр. 1 из 14
---	--	------------------------	-------------------------------------	----------------------------------

УТВЕРЖДЕНО

Решением Совета директоров
НАО «Северо-Казахстанский
университет им. М. Козыбаева»
(Протокол №9 от 17 августа
2021 года)




ПРАВИЛА

приема на обучение по образовательным программам высшего и
послевузовского образования в Некоммерческое акционерное общество
«Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева»

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. Настоящие Правила Некоммерческого акционерного общества «Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева» (далее – Университет) определяют порядок приема лиц на образовательные программы высшего и послевузовского образования по программам бакалавриата, магистратуры, докторантуры при наличии лицензии на осуществление образовательной деятельности по соответствующим направлениям.
2. Источниками финансирования обучения в Университете могут быть республиканский, местные бюджеты Республики Казахстан и иные источники, не запрещенные законодательством Республики Казахстан.
3. Порядок приема на обучение в Университет в части, не урегулированной настоящими правилами, регулируется Законом РК об образовании от 27 июля 2007 года № 319-III и Типовыми правилами приема на обучение в организации образования, реализующие образовательные программы высшего и послевузовского образования, утвержденные приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 600.
4. Для координации приема на обучение создается Приемная комиссия. Председателем Приемной комиссии является Председатель Правления-Ректор Университета.
5. Для организационно-технического сопровождения работы Приемной комиссии (прием и зачисление) утверждаются технические секретари из состава работников Университета.
6. Адрес офиса приемной комиссии указан на сайте Университета.
7. Университет проводит набор по группам образовательных программ, перечень которых указан в Приложении и на сайте nku.edu.kz.

Корпоративтік хатшының қолы
